

**Пәннің атауы: «Діни және
этникалық толеранттылық
негіздері»**

3 кредит, 2 дәріс 1 семинар

Бақылау түрі: Емтихан

**Оқытушы: Капбасова Диана
Серикбаевна**

1 дәріс.

Тақырыбы:

**“Кіріспе дәріс.
«Толеранттылық»
ұғымы”.**

Жоспар:

- 1. Пәннің құрылымы, мақсаты мен міндеттері.
- 2. «Толеранттылық» ұғымы.
- 3. Этникалық толеранттылық.
- 4. Діни толеранттылық.

Дін



- Әлемдік өркениеттегі барлық қоғамдық құбылыстарға тән тарихи, саяси-әлеуметтік, дүниетанымдық және психологиялық құбылыс;
- Құдай мен адамның арақатынасы, адамның танымынан тыс күштердің барлығын мойындауы және соған илануы.
- Дін туралы арнайы ғылымды – дінтану дейміз.

*«Дін адамның мәңгілікті түсінуін
нығайтатын, ақыл-ойға жол бермейтін
бір қабілет»*

Макс Мюллер.

● *«Дін, абсолюттік мойынсұну сезімінен
құралады»*

Шлаейермахер.

● *«Дін, дағдыланған іс-әрекеттерімізді
еркін орындауға кедергі келтіретін
тыйымдардың жинағы»*

Салмон Рейна (S.Reinach).

● *«Дін бір сенімдер, жүріс-тұрыстар және әлеуметтік өмірдің белгілі шарттарына сәйкес жинақталған қоғамдардың жүйесі»*

Тиллих.

● *«Дін әрдайым өмір иесі бір тәңірге, яғни бір иләһи түсінік пен қалаудың әлемді билейтініне және адамзатқа байланысты этикалық қарым-қатынастардың құдіретінде екендігіне сену»*

Жеймс Мартипо (J. Martineau)

● *«Дін бір жамағаттың ортаға шығуын қамтамасыз ететін діни салт және сенімдер жүйесі»*

Э. Дюркгейм.

Дінтану ғылымы – дінді ғылыми тұрғыдан тану тәсілдеріне бағыттайды:

Теологиялық	Философиялық-әлеуметтік	Биологиялық	Психологиялық	Этнологиялық
<p>Теология (грек сөзі teos-кұдай, logos-ілім) немесе конфессионалдық (грек сөзі konfessio-мойындау, ғибадат қылу; белгілі бір дінді мойындайтын діни бірлестік) адам мен Жаратушының, адам мен тыс күштердің қатынасын зерттейді, дінді оның қағидаларының өзіне сүйеніп негіздейді</p>	<p>Қоғамдық сана мен дүниетанымының нысаны, діни мәдениет түрінде көрінуі, белгілі бір әлеуметтік қызмет атқаратын құбылыс, діни идеология, діни мораль тұрғысынан қарастыру, дін және саясат мәселелерін зерттеу.</p>	<p>Ғылым дінді табиғи инстинкт, өмір үшін күрестің құралы деп санайды және «діндарлық генінің» болуы ықтимал деген болжам жасайды.</p>	<p>Қандай дінді алсақ та оның негізінде адамның сезім дүниесі жатыр.</p>	<p>Дін этностардың оқшаулану факторларының бірі болып табылады және этнос мәдениетінің қалыптасуында айтулы роль атқарады.</p>

Дін ғылымдары тұрғысынан «дін» болуы үшін мына нәрселер қажетті:

1. Адамзаттан жоғары бір күштерге сенім (тәңірлер, періштелер, жындар т.б.)
2. Қасиетті болып, болмағандығын белгілейтін мәселелер.
3. Ғибадат, діни құлшылық және рәсімдер.
4. Иләһи бір қайнары бар қасиетті кітаптар-мәтіндер, ауызекі келген салт-дәстүрлер, мінез-құлыққа қатысты (ахлақи) заңнамалар.
5. Табиғаттан, адамнан жоғары бір күштерге қатысты діни сезімдер (қорқу, сыр, сенім, күнәһарлық, сыйыну, тәуелділік, тәубе т.б.)
6. Адамзаттан тыс күштермен байланыс (уахи, илхам, пайғамбар, дұға, жалбарыну т.б.)
7. Бір әлем мен адам көзқарасы, өмір мен өлімнен кейінгі сенімі.
8. Өмір жүйесі.
9. Жамағат.
10. Түп нұсқасының болуы, жасанды болмауы.
11. Саяси мақсатпен немесе пайда табу мақсатында құрылмаған болуы, кіршіксіз таза бір жаратылысқа ие болуы тиіс.

«Толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

- 1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау;
- 2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни ағзаның ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің төмендеуі. Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі.

Толеранттылық (лат. tolerantia — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші.

Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді.

«Толерантный» («толеранттылы»), «Толерантность» («толеранттылық») сөзі лат. тілінен, француз тіліне кейін еуропа тілдеріне енген. Оны «төзімділік» деп аударамыз. Бірақ кейбір көзқарастар, мысалы, Татьяна Марголина төзімділік (терпимость) пен «толеранттылық» ұғымдарын ажырата келе, төзімділік өзгеге жол беру және оның амалсыздан істелетін шара екендігін айтса, «Толеранттылық» адам өз еркімен және саналы түрде баратын белсенді әлеуметтік мінез-құлық деп баға береді.

Шындығында, оның мәні қазақ тілінде терең: шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісім табу деп жалғастыра беруге болар.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVIII ғ. француз жазушысы және философ Вольтер айтқандай, «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын деген. Ол толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықтың, мейірбандылықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір – біріне шапағат жасай білуі.

- 1974 жылы ЮНЕСКО «Халықаралық өзара түсіністік, ынтымақтастық және бейбітшілік, адам құқықтарына және негізгі бостандықтарына сыйлаушылық рухында тәрбиелеу» атты құжатты жасаған еді.
- 1996 жылы Толеранттылық жылы, ал 16 қарашаны Толеранттылықтың халықаралық күні деп жариялады.

Этникалық толеранттылық басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін принципті түрде қабылдай алу қабілеті ретінде көрінеді. Яғни этникалық толеранттылық—ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді.

● Этникалық интолерантность кең түрде көрініс табады: басқаларға деген ерсілік, тіл тигізу, менсінбеу немесе елемеу қатынастан репрессия мен геноцидке дейін. Осыларды ескере отырып, төзімсіздік сауатсыздықтан, ой өрісінің тарлығымен және жалпы алғанда дұрыс емес тәрбиенің салдарынан пайда болады деп айтуға негіз бар. Этникалық толеранттылықты тәрбиелеудің барынша бір тиімді механизмі — бұл басқа мәдениеттерді және этникалық аралық қабылдауды және өзара әрекетті оқып білу.

№ 1 СӨЖ

(Студенттердің өздік жұмысы)

1-тапсырма:

Шлаейермахер дінге қандай анықтама берді?

2-тапсырма:

Дінге «Дін бір жамағаттың ортаға шығуын қамтамасыз ететін діни салт және сенімдер жүйесі» деп анықтама берген кім?

3-тапсырма:

Араб тіліндегі «дін» сөзінің түбірі қандай тілдегі бір түбірден шықты деп болжам айтылуда?

4-тапсырма:

Өзіңіздің дінге беретін анықтаманыз?

5-тапсырма:

Дін ғылымдары тұрғысынан «дін» болуы үшін қандай нәрселер қажетті?

Семинар 1.

- Дінге теологиялық анықтама.
- Дінді философиялық тұрғыдан анықтау.
- Діннің био-психологиялық анықтамасы.
- «Толеранттылық» ұғымы.
- Этникалық толеранттылық.
- Діни толеранттылық.